

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Бақ-бақ гүлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.06.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/76866/>

Білім беру салалары: Таным

Бөлімі: Құрастыру

Тақырыбы: «Бақ-бақ гүлі» (киндердің қорабымен мақта таяқшалардан)

Мақсаты: Киндердің қорабын қосымша бөлшектермен толықтыру арқылы гүл жасау .

Міндеттері:

1. Киндердің қорабын қосымша бөлшектермен толықтыру арқылы гүл жасауға үйрету.
2. Саусақ қимыл – қозғалыстарын, көз мөлшерін дамыту.
3. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу

Қостілділік компонент (сөздік жұмыс): бақ-бақ -одуванчик, сары-желтый, мақта таяқша- ватные палочки, көгал-лужайка, ақ -белый ,

Құрал-жабдықтар: кішкене смайликтер, әрбір балаға киндер қораптары, мақта таяқшалары және «Сиқырлы сандық».

Қызметтің кезеңдері	Тәрбиеші әрекеттері	Балалардың әрекеттері
Мотивциялық — түрткі болатын	«Сиқырлы сандық » үстел үстінде. — Балалар біздің топта сандық тұр ғой. — Кәне, сандық ішінде не бар екенін білгілерің келеді ма? Ол үшін сиқырлы сөздерді айту керек. Сөйтіп сандық ашылады.(балаларға жұмысқа арналған тастанды заттар шығады) Балалар мына тастанды заттарды қараңдар. — Мен сендерді сиқырлы көгалға шапшаң жеткізейін. (бір -бірімізді мықтап қолдан ұстаймыз , көзді қаттырақ жұмамыз)	Балалардың қызығушылықтары артады. -Иә білгіміз келеді. « Сандық ,сандық ашылшы, Ішінен шашу шашылшы!» Балалар қуанып қалады. Балалар мұқият қарайды. (балалар екі шеңбер айналып тоқтайды, көздерін ашады)

Ұйымдық - іздену	1. Тақырыпты хабарлау: (үлгімен жұмыс) -Тамаша балалар, міне сендермен сиқырлы көгалдамыз. — Айнала қандай тамаша, көптеген гүлдер. — Мына гүл бақ-бақ деп аталады. — Ол сендерге ұнады ма? — Ол неден жасалған? — Онда біз бүгін бақ-бақ гүлін өз қолымызбен жасап көрейік. — Тамаша! Онда, маған назар аударып мұқият қараңдар.	Балалар риза болып қалады. Бірге қайталап «бақ-бақ»-дейді. (2-3 рет хормен және жекелей қайталайды) — Иә ұнады. — Ол кіндер қорабы мен мақта таяқшасынан жасалған. Балалар келіседі.
	2. Көрсету, түсіндіру: (үлгі жасау) Берілген кіндер қорабындағы дайын тесіктерге мақта таяқшаның бір ұшын тыға бекіту. — Балалар мынау не? — Қорап қандай? — Мынау не? — Мақта таяқшаны қалай орналастырдым? — Міне, бақ-бақ гүл дайын болды.	Мұқият қарайды зейін қойып тыңдайды көзбен көреді. -Кидер қорабы. -Қорап сары, ұсақ тесіктері бар. -Ол мақта таяқша. -Таяқшаны қораптың тесіктеріне тығу. Балалар қызығушылық білдіреді.
	3.Сергіп дем аламыз. Орнымыздан тұрайық, Мойнымызды бұрайық, Бір отырып, бір тұрып , Жаттығуды жасайық	Бірге қайталайды.
	4. Балалардың жұмысы: (қиынсынған балаларға көмектесемін)	Балалар көргенін жасауға тырысады.
	5. Қайтала, есте сақта:	бақ-бақ –одуванчик; сары-желтый мақта таяқ- ватные палочки ,көгал- лужайка, ақ -белый .
	6. Сабақты талдау: — Сиқырлы сандықтан қандай заттар шықты? — Қандай гүл жасадық? — Біз бақ- бақ гүлді неден жасадық? — Рахмет, балалар бүгін тамаша жұмыс жасадыңдар! Жарайсыңдар!	— Кіндер қораптары, мақта таяқшалар. — Бақ –бақ гүл. — Бақ-бақ гүлін кіндер қорабынан жасадық. Балалар риза болып қуанып қалады.
Рефлекстік - түзету	-«Сиқырлы сандықтан» сыйлық сұрайық? Ол үшін тағы да сиқырлы сөздерімізді айтайық. Сандықтан әр балаға смайликтер шығады оны әр балаға таратып беремін. Балаларды мақтап мадақтап қоямын.	« Сандық ,сандық ашылшы, Ішінен шашу шашылшы!» -деп айтады. Сөйтіп қуанып, жақсы көңіл күйде болады.

Күтілетін нәтиже :**Түсінуге тиіс:**

- Кіндердің қорабын қосымша бөлшектермен толықтыру арқылы гүл жасау

Білу :

- Дайын тесікке бекіте білу
- көзбен көргенін қолмен жасай білу

Істей білу керек:

- өз бетімен жұмыс жасау

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.